

МКҚК «Балдәурен» мектепке дейінгі ұйымының қамқоршылық кеңесінің  
2024 – 2025 оқу жылының жоспары

№	Өткізілген іс-шара	Өткізілу түрі	Мерзімі	Жауапты
1	Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну.	Қамқоршылық кеңесінің отырысы	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	Балабақша ата-аналарымен бірге акция ұйымдастыру	Акция	Қараша	Қамқоршылық кеңес мүшелері
3	Балабақшадағы балаларға берілетін, тағамның сапасына мониторинг жүргізу	Мониторинг жүргізу	Маусым	Қамқоршылық кеңес мүшелері
4	Наурыз мерекесін ұйымдастыру жағына көмек көрсету.	Қамқоршылық кеңес мүшелері	Наурыз	Қамқоршылық кеңес мүшелері
5	Қамқоршылық кеңесінің есебі	Есеп беру	Мамыр	Қамқоршылық кеңес мүшелері

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдәурен» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

### **Хаттама №1**

Қатысқандар: 7

### **Күн тәртібі:**

#### **1.Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну.**

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша басшы м.у.а Ж.Қ.Мырзабек сөз алды:**

Балабақша басшы м.у.а Ж.Қ Мырзабек қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Басшы м.у.а Ж.Қ.Мырзабек қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы, ашық есік күнін ұйымдастыру сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды . 2024 жылдың қыркүйек айынан 2025 жылдың мамыр айына дейін бес отырыс өткізіледі деп шешті.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

**Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:**

1.Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: А.П.Сагинбаев

Хатшы: Ж.М.Алиева

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдәурен» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

## Хаттама №2

Қатысқандар: 8

### Күн тәртібі:

#### 1) Балабақша ата-аналарымен бірге акция ұйымдастыру.

**Бірінші мәселе бойынша балабақша басшы м.у.а Ж.Қ Мырзабек сөз алды:** Сәлеметсіздер ме! Құрметті қамқоршылық кеңес мүшелері! Бізде алда жоспарға сай «Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы бойынша балабақша ата-аналарымен бірге бірлесе отыра қолдан әр түрлі тағамдар пісіріп, жәрмеңке ұйымдастыру ойымызда бар.


**Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы А.П.Сагинбаев сөз алды:** Сәлеметсіздер ме! Бүгінгі кезекті қамқоршылық кеңес отырысымызға қош келдіңіздер! Бүгінде әдеттегідей жоспарымыз бойынша балабақшамен тығыз байланыста болу, көмектесу. Алда жоспарға сай ата-аналармен бірге акция ұйымдастыру ойларыңызда бар екен. Біз әрдайым сіздерді қолдаймыз. Акция өткізу күнін жоспарлап қойсаңыздар, біз әрдайым көмектесуге дайынбыз.

**Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес отырысының хатшысы Ж.М.Алиева сөз алды:** Сәлеметсіздерме қамқоршылық кеңес мүшелері! Балабақша жоспарына сай балабақша ата-аналарымен бірге акция ұйымдастыру жоспар да бар екен. Мен әрдайым сіздерді қолдауға тырысамын. Бір жағынан балабақша ата-аналар комитетінің төрайымын. Ата-аналармен жиналып өзіміз ақылдасып, шешетін боламыз ұйымдастыру жағын.

#### Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелері балабақшадағы акция ұйымдастыру жағына көмек көрсету жағы ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: А.П.Сагинбаев  
Хатшы: Ж.М.Алиева



«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдәурен» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

### Хаттама №3

Қатысқандар: 7

#### Күн тәртібі:

#### 1) Балабақшадағы балаларға , берілетін тағамның сапасына мониторинг жүргізу.

**Бірінші мәселе бойынша , қамқоршылық кеңесінің мүшелері медбике Н.М.Мухышева сөз алды:** Балабақша медбикесі қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірге балабақша асханасына кіріп, азық-түліктің сақталу қоймасын , ондағы азық-түліктің сақталуын қадағалады. Асханадағы ас дайындайтын орындармен, технологиясымен танысты. Астың дайындалу барысын, дайын астың топқа таратылуы мен берілуін бақылады. Сол күнгі ас мәзіріне сәйкес дайын астың сапасын көрді. Балабақшаның жазғы, қысқы 10 күндік меню-калькуляциямен танысты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді.

**Балабақша медбикесі Н.М.Мухышева сөз алды:** Балабақшаның асханасына кіріп бақылау жасау барысында астың өз деңгейінде дайындалатынын, азық-түліктің дұрыс сақталуына мән беретіні көңілге қонымды . Балабақшаның тамақтану бойынша жұмысына қанағаттанамын – деді.

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.П.Сагинтаев қорытындылады.** Ол жалпы балабақшада балалардың тамақтануына ұйымдастыру бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетін , бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

#### Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

1) Балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары өз деңгейінде деп есептелінсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

А.П.Сагинбаев

Хатшы:

Ж.М.Алиева

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдәурен» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

#### Хаттама №4

Қатысқандар: 7

#### Күн тәртібі:

#### 1) Наурыз мерекесін ұйымдастыру жағына көмек көрсету.

**Бірінші мәселе бойынша балабақша басшы м.у.а Ж.Қ.Мырзабек сөз алды:**

Сәлеметсіздер ме! Құрметті қамқоршылық кеңес мүшелері! Бүгін кезекті отырысқа жиналып отыр екенсіздер. Бізге әрдайым қолдау көрсетіп көмектесіп отырасыздар! Балабақша атынан үлкен алғысымызды айтамыз!

**Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы А.П.Сагинбаев сөз алды:**

Сәлеметсіздер ме! Бүгінгі кезекті қамқоршылық кеңес отырысына қош келдіңіздер! Өздеріңіз білесіздер жиналуымыздың себебін. Біз балабақшамен тығыз байланыстамыз. Енді алда наурыз айы келе жатыр. Наурыз айында өткізілетін мерекелер көп. Алғыс айту күні, аналар мерекесі, өзіміздің жаңа жылымыз яғни наурыз мерекесі. Осы мерекелердің ішінде Наурыз мерекесі кең ауқымды түрде өткізілетінін білесіздер. Сол үшін балабақша тәрбиешілеріне өзіміздің көмегімізді қолымыздан келгенше көрсетуге тырысайық деп жинап отырмын.

**Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес хатшысы Ж.М.Алиева сөз алды:**

Бүгінгі кезекті отырысымызға қош келдіңіздер! Мен осы балабақша ата-анасы ретінде де, қамқоршылық кеңес отырысының хатшысы ретінде де әрдайым қолдаймын! Балабақша да өткізілетін мерекелік шараға қандай көмегіміз керек? Қай жағынан көмек көрсете аламыз сіздерге?

**Бірінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі А.К.Маликова сөз алды:**

Сәлеметсіздер ме қамқоршылық кеңес мүшелері! Бүгінгі отырысқа қош келіпсіздер! Әрдайым көмек көрсетіп, қолдап отырасыздар! Бізде Наурыз мерекесін іште балабақша ата-аналарымен жылдағыдай тойлаймыз. Мерекелік концерт, ұлттық ойындар, салт-дәстүрлерімізді насихаттау мақсатында ата-аналарымыз көрініс көрсетеді. Бізге сол наурыз мерекесін өткізетін жерді жабдықтауға көмектеріңіз қажет.

**Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:**

2) Балабақша дағы өткізілетін Наурыз мерекесіне қамқоршылық кеңес мүшелері жанынан көмек көрсетілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: А.П.Сагинбаев

Хатшы: Ж.М.Алиева



«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдәурен» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

### **Хаттама №5**

Қатысқандар: 7

### **Күн тәртібі:**

#### **2) Қамқоршылық кеңесінің есебі.**

**Күн тәртібіндегі мәселе бойынша , қамқоршылық кеңесінің төрағасы**

**А.П.Сагинтаев сөз алды:** 2024-2025 оқу жылында балабақшадағы қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп берді. Ол өз есеп беруінде Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес құрылған балабақшаның қамқоршылық кеңесі 7 адамнан

құрылғанын, жұмыс жоспарына сай бес отырыс жоспарланғанын , барлық отырыстар өз уақытында өткізілгенін айтты. Қамқоршылық кеңесінің отырыстары хаттамаланып, барлық ұсыныс пікірлер енгізіліп отырғанын атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз ойларын ортаға салды.

**Н.М.Мухышева балабақша медбикесі сөз алды:**

Балабақшада қамқоршылық кеңес отырысы өз уақытымен әрдайым өткізіліп отырды.

Қамқоршылық кеңесінің жоспары бойынша бізде ата-аналармен акция ұйымдастырылды. Балабақша ата-аналары өз белсенділіктерін көрсетті.

**Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:**

- 1) Балабақшада құрылған Қамқоршылық кеңесінің атқарылған жұмыстарының есебін тыңдай келе , қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

А.П.Сагинбаев

Хатшы:

Ж.М.Алиева